

Түркістан облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын бекіту туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 6 мамырдағы № 78 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 мамырда № 6530-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 127-бабы 2 тармағына, "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына, "Тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын және оларды пайдалану режимін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 86 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20395 болып тіркелген) сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысы бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекаралары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

Д. Сатыбалды

Түркістан облысы әкімдігінің
2024 жылғы 6 мамырдағы
№ 78 қаулысына қосымша

Түркістан облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекаралары

№	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Орналасқан жері	Ескерткіштің географиялық координаттары	Ескерткіштің аумағы	Қорғау аймағының көлемі	Құрылыс салуды реттеу аймағының көлемі	Қорғалатын табиғи ландшафт аймағының көлемі
Бәйдібек ауданы								
			Кеңестөбе ауылынан					

1	Ақмешіт үңгірі	киелі объект	7 шақырым оңтүстік-шығыста	N 43° 00'23.17 E 69° 42'12.65	0,95 гектар	2 гектар	3 гектар	4 гектар
Отырар ауданы								
2	Отырар қалашығы, I-XVIII ғасырлар	археология	Талапты ауылының оңтүстік-шығыс шеті	N 42° 51'09.5 E 68°18'10.8	173,5 гектар	17,4 гектар	14,5 гектар	14,9 гектар
3	Оқсыз (Оксус) қалашығы, I-XIV ғасырлар	археология	Маяқұм ауылынан 8 шақырым солтүстік те, Сырдария өзенінің сол жағалауында	N 42° 57'08.0 E 68°02'02.1	33,2 гектар	10,1 гектар	10,9 гектар	11,8 гектар
Сауран ауданы								
4	Сауран археологиялық-сәулеттік кешені, I-XIX ғасырлар (Сауран қалашығы, XIII-XVIII ғасырлар)	археология	Түркістан қаласынан 40 шақырым, Батыс Европа – Батыс Қытай трассасынан 1 шақырым	N 43° 31'05.7 E 67°46'18.3	1161 гектар	63,3 гектар	63,4 гектар	64,5 гектар
Шардара ауданы								
5	Ұзын ата кесенесі, XIX-XX ғасырлар	қала құрылысы және сәулет	Ұзын ата ауылынан 4 шақырым солтүстік-шығыста	N 41° 44'07.8 E 67°59'30.9	67,2 метр	22,40 метр	22,40 метр	22,40 метр